

Жамиля Қалдыбекқызы Өмірбекова*

* автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.,
ORCID: 0000-0002-3162-0515 E-mail: ozhamila@inbox.ru

«ҚОБЫЗ» СӨЗІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ БОЛМЫСЫ

Аңдатпа. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған танымы мен тәжірибесін, рухани болмысын, құндылықтар жүйесін және даналық дүниетанымын сақтайтын құрал. Тіл арқылы халықтың дүниеге көзқарасы, өткенінен қалған өмірлік бай мұрасы көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің сөздік қоры мен грамматикалық жүйесі ұрпақтардың тәжірибесін, ойлау ерекшеліктерін және байқауларын жинақтап, келесі ұрпаққа жеткізудің негізгі арнасы болып табылады. Әсіресе, лексикалық құрамда этномәдени мазмұнның орны ерекше. Соның бірі – ұлттық болмысты танытатын музыкалық аспаптар атаулары. «Қобыз» ұғымының этномәдени болмысын ашу үшін ұлттың тарихымен, тұрмыс тіршілігімен, таным-түсінігімен ажырамас бірлікте қарастырылып, ұлт тіліне тән мағыналық кеңістікті түзетін лексикалық топ ретінде қараудың маңызы зор. Қазақ тіл білімінде этномәдени лексикалық бірліктердің мағынасы, этимологиясы, таныммен байланысы, этнографизмдердің мәдениетпен байланысы зерттелгенімен, ұлттық аспаптардың этномәдени болмысының репрезентациясы қарастырылмады. Осы зерттеуде «қобыз» ұғымы негізінде тілдің өміршендігін айқындау мәселесі қарастырылады, бұл тақырып ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан өзекті. Этностың дүниетанымындағы «қобыз» аспабының қазіргі кезеңдегі ассоциативтік бейнесін зерттеу – жұмыстың негізгі мақсаты. Атап айтқанда, «қобыз» сөзімен байланысты этномәдени санадағы ұғымдарды талдау арқылы тіл мен ұлттың тұтастығын терең түсінуге, ұлттық кодтың сақталу үдерісін бағалауға және жаһандану жағдайында ұлттың бірегей болмысын ана тілі арқылы танып-білуге жол ашылады. Қобызға қатысты ұжымдық сананың мазмұны еркін ассоциациялар әдісі мен сауалнама жүргізу арқылы анықталды. Алынған нәтижелер жастардың танымында музыкалық аспаптар халық тұрмысы мен дәстүрімен тығыз байланысты екенін көрсетті. Бұл дерек тілдің ұлтты сақтаудағы қызметін, сондай-ақ қазақ дүниетанымындағы киелі ұғымдарды ұрпаққа жеткізудегі маңызын дәлелдейді. Зерттеу барысында мұндай тұжырымдар «қобыз» сөзін ассоциациялық стимул ретінде қолдану арқылы айқындалды.

Түйін сөздер: қобыз; ділдік лексикон; этномәдени лексика; мәдени код; ассоциациялық тәжірибе; сауалнама

Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын АР23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде жазылды.

Сілтеме жасау үшін: Өмірбекова Ж.Қ. «Қобыз» сөзінің этномәдени болмысы. *Tiltany*, 2025. №3 (99). 151-162-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-151-162>

Жамиля Калдыбековна Омирбекова*

* автор-корреспондент, кандидат филологических наук, доцент,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана,
ORCID: 0000-0002-3162-0515 E-mail: ozhamila@inbox.ru

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ САМОБЫТНОСТЬ СЛОВА «ҚОБЫЗ»

Аннотация. Язык – это не только средство общения, но и инструмент сохранения накопленного на протяжении веков опыта и знаний народа, его духовной сущности, системы ценностей и мудрого мировоззрения. Через язык проявляется взгляд этноса на мир, а также богатое жизненное наследие, доставшееся от предков. В этом отношении словарный запас и грамматическая система языка являются главным каналом передачи опыта, особенностей мышления и наблюдений от поколения к поколению. Особенно значимую роль здесь играет лексический состав, где отражено этнокультурное содержание. Одним из таких пластов являются названия музыкальных инструментов, репрезентирующие национальную самобытность. Для раскрытия этнокультурной сущности понятия «қобыз» важно рассматривать его в неразрывном единстве с историей, бытом и мировоззрением народа, а также как лексическую группу, формирующую семантическое пространство родного языка. В казахском языкознании исследованы значения, этимология и когнитивные связи этнокультурной лексики, а также соотношение этнографизмов и культуры, однако репрезентация этнокультурной природы национальных музыкальных инструментов ранее не изучалась. В данном исследовании рассматривается проблема определения жизнеспособности языка через понятие «қобыз», что представляет научный и практический интерес. Основная цель работы – изучение современного ассоциативного образа кобыза в мировоззрении этноса. Анализ этнокультурных представлений, связанных с этим словом, позволяет глубже понять единство языка и нации, оценить процесс сохранения национального кода и выявить роль родного языка в осознании уникальной идентичности в условиях глобализации. Содержание коллективного сознания,

связанное с кобызом, выявлялось методом свободных ассоциаций и анкетирования. Результаты показали, что в восприятии молодежи музыкальные инструменты тесно связаны с образом жизни и традициями народа. Это подтверждает значимость языка в сохранении этнической самобытности и в передаче последующим поколениям сакральных понятий казахского мировоззрения. В исследовании данные были получены на основе использования слова «кобыз» в качестве ассоциативного стимула.

Ключевые слова: кобыз; ментальная лексика; этнокультурная лексика; культурный код; ассоциативный опыт; анкета

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках грантового исследования AP23488671 «Языковые проявления этнокультурного сознания казахской молодежи», финансируемого Комитетом науки МОН РК.

Для цитирования: Омирбекова Ж.К. Этнокультурная самобытность слова «Кобыз». *Tiltany*, 2025. №3 (99). С. 151-162. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-151-162>

Zhamilya Omirbekova*

*Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana,

ORCID: 0000-0002-3162-0515 E-mail: ozhamila@inbox.ru

THE ETHNOCULTURAL IDENTITY OF THE WORD “QOBYZ”

Abstract. Language is not merely a means of communication but also a repository of the accumulated knowledge and experience of a people, their spiritual essence, value system, and philosophical worldview. Through language, a nation's perception of the world and its rich heritage handed down from past generations are revealed. In this respect, the vocabulary and grammatical system of a language serve as the primary channel for transmitting experience, patterns of thought, and observations from one generation to the next. The lexical layer, in particular, plays a crucial role as it embodies ethnocultural content. Among these are the names of musical instruments, which reflect national identity. To uncover the ethnocultural essence of the concept qobyz, it is essential to examine it in inseparable connection with the history, daily life, and worldview of the people, as well as to consider it as a lexical group shaping the semantic space of the native language. While Kazakh linguistics has addressed the meaning, etymology, and cognitive associations of ethnocultural vocabulary, as well as the relationship between ethnographic units and culture, the ethnocultural representation of national musical instruments has not been sufficiently explored. This study focuses on defining the vitality of language through the concept of the qobyz, which is of both scholarly and practical relevance. The central aim is to investigate the contemporary associative image of the qobyz within the worldview of the Kazakh people. By analyzing ethnocultural notions associated with the term, the study seeks to deepen the understanding of the unity of language and nation, to assess the preservation of the national code, and to highlight the role of the native language in maintaining cultural distinctiveness in the context of globalization. The collective consciousness related to the qobyz was identified using free association and survey methods. The findings demonstrated that, in the perception of youth, musical instruments are closely tied to the people's way of life and traditions. This underscores the role of language in preserving ethnic identity and transmitting sacred concepts of the Kazakh worldview to future generations. The data were obtained by employing the word qobyz as an associative stimulus.

Keywords: kobyz; mental lexicon; ethnocultural vocabulary; cultural code; associative practice; questionnaire

Source of financing: The article was prepared within the framework of the grant project AP23488671 “Linguistic manifestations of the ethnocultural consciousness of Kazakh youth,” funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

For citation: Omirbekova, Zh. The Ethnocultural Identity of the Word “Qobyz”. *Tiltany*, 2025. No.3 (99). P. 151-162. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-151-162>

Кіріспе

Тіл білімінде антропоэзектік қағида алғашында кейінірек пайда болғанымен, соңғы жылдары бұл бағыт белсенді дамып келеді. Бұл тәсіл тілді жеке құрылым ретінде емес, адаммен және тілдік емес факторлармен тығыз байланысты кешенді жүйе ретінде зерделеуді көздейді. Антропоэзектілік аясында тілдің прагматикалық, когнитивтік, функционалдық және коммуникативтік қырларын қарастыратын жаңа ғылыми бағыттар қалыптасты. Табиғат, тіршілік және қоршаған орта белгілі бір заңдылықтармен реттелген жүйеге негізделеді. Осы заңдылықтарды танып-білу мен оны құрылымдау – сана-сезімі дамыған адам баласына тән таным үдерісі. Бұл тұрғыдан келгенде жаңа зерттеу объектісіне айналып отырған ұғымдардың бірі – этномәдени бірліктер мен ділдік лексикон.

Қазіргі тіл білімінде этномәдени бірліктерді жекелеген түрде емес, олардың бір-бірімен байланыстағы этномәдени ақпарат тасымалдаушы ретіндегі рөліне ерекше назар аударылуда. Осы

тұрғыдан алғанда, дәстүрлі қазақ мәдениетінің бір бөлшегі ретінде ұлттық музыкалық аспаптарды этномәдени дереккөз ретінде зерттеу және оның этномәдени болмысын ділдік лексикон тұрғысынан айқындау – мақаланың мақсаты.

Ғалым Г. Смағұлова ұлттық мәдениеттің негізі ұлттық мінез, ұлттық сезім және салт-дәстүр деп есептейді: «Мәдени тіршіліктің белгілері мен түрлері, олардың ұлттық сипаты қаншама ғасыр өтсе де, тек тілде ғана сақталады. Кейінгі ұрпақ этностың жүріп өткен жолын оның тілінде сақталған түрлі атаулары арқылы танып біле алады. Ұлт болмысын айқындайтын рухани және материалдық игіліктер ерекшеліктерін тек этномәдени лексика ғана сипаттап жеткізе алады» (Смағұлова, 2017: 185).

Этномәдени лексиканың негізін құрайтын этнолингвистикалық ұстаным оның мазмұндық құрылымын айқындайды, оның ірі бөлімдері макрожүйе ретінде, ал нақты тақырыптық топтар микрожүйе деңгейінде сипатталады. Оны Ж. Манкеева былайша түйіндейді: «Этнолексика түрінде сақталған ұшан-теңіз байлық кез келген жеке тілдік фактіге байланысты емес, белгілі жүйе бойынша, мағыналық тақырыптық топтарға бөлініп, өзара жіктеліп, сараланып зерттелуге тиіс, өйткені кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық семантикалық топтардың негізіндегі тілдің құрылымдық жүйесінен құралады» (Манкеева, 2008: 83).

Орыс тіл білімінде этномәдени лексика В.Н. Телия, Н.И. Толстой, А.И. Потенбня, А.Карлинский, В.В. Воробьев, В.А. Маслова, А.И. Кравченко, В.И. Полищук, Н.Ф. Алефrienко еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Қазақ тіл білімінде Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С. Мұқанов, К. Аханов, И. Маманов, Ә.Т. Қайдар, А. Сейдімбек, Ә. Марғұлан, Р.Сыздық, Ш.Ш. Сарыбаев, Е.Н. Жанпейісов, Ж.А. Манкеева, А.Ы. Ысқақов, Н.О. Оралбаева, Ғ.Қалиев, Б. Қасым, Б.Қ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ә. Нұрмағамбетов, С.М. Исаев, З.Ахметжанова, Н.М. Уәли, С.Н. Смағұлова, Ф.Ш. Оразбаева, М.С. Атабаева, А.Б. Салқынбай, Қ.Ө. Есенова, С.Сәтенова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде әр қырынан қарастырылған.

Жоғарыдағы ғылыми еңбектерде этномәдени бірліктер сөз болғанымен, «қобыз» сөзінің этно болмысы тілдік негізінде ассоциативтік тәжірибе арқылы зерттеу нысанына алынбаған. Этномәдени лексика – этностың ақыл-ой санасының, дүниетанымының нәтижесі, материалдық және рухани мәдениетінің тілдегі көрінісін таңбалайтын тіл бірліктерінің жүйесі. Этномәдени лексиканы ұлттық дүниетанымның мазмұнды тіл бірліктері, лингвокультуремалар құрайды. Сондықтан ұлттық санадағы ұлттық аспаптың этномәдени болмысын зерттеу тұтас бір ұлттың, топтың не жеке тұлғаның әлемді қабылдау бейнесін түсінуге, сонымен қатар, танымдық сана ерекшелігін айқындауға, тіл, мәдениет, таным байланысын саралауға, жаһандану үрдістерінің тілдік санаға тигізетін ықпалын бағамдауға мүмкіндік береді. Қобыздың жастардың тілдік санасында қандай ұғым-түсінікпен ассоциацияланатынын зерделеу көпшілікке ортақ көрініс, бейнелерді анықтауда, ұлт пен тіл, тіл мен сана арақатынасын сипаттауда маңызды.

Материал және әдістер

Мақалада қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес зерттеудің алғашқы кезеңінде тақырыпқа қатысты теориялық әдебиеттер жинақталып, жүйеленіп, мазмұндық талдау жүргізілді. Сонымен қатар зерттеу нысанына байланысты тілдік материалдар іріктеліп, жұмыс барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер айқындалды.

Келесі кезеңде эксперименттік алаң және оған қатысушылар анықталды. Тәжірибе Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филология факультетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын білім алушылармен жүргізілді. Жалпы алғанда, 6 академиялық топтан 104 студент қатыстырылды. Зерттеу барысында ассоциативтік эксперимент ұйымдастырылып, оған қатысушыларға «қобыз» сөзі стимул ретінде ұсынылды.

Эксперименттің негізгі мақсаты – «қобыз» сөзіне байланысты жастар санасындағы этномәдени ұғымдарды айқындау. Қатысушылардың жазған реакция сөздеріне негізделі отырып, оларға қосымша сауалнама жүргізілді. Сауалнама ашық сұрақтар негізінде құрылып, респонденттерден өз жауаптарын дәлелдеумен қатар, «қобыз» сөзімен қандай ассоциацияларды және не себепті байланыстырғандарын жазбаша түрде түсіндіру талап етілді. Аталған тәсіл жастардың тілдік санасындағы ассоциативтік байланыстарды тереңірек тануға және олардың этномәдени құзыреттілік деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің соңғы кезеңінде

сауалнама нәтижелері сараланып, алынған деректерге лингвистика және мәдениеттану тұрғысынан талдау жүргізілді. Эксперименттің әдіснамалық негізі – стимул-реакция әдісі. Мұнда стимул ретінде зерттеуші ұсынған сөз қолданылады, ал реакция – информанттың осы сөзге қатысты еркін түрде жазған ассоциативтік жауабы. Тілдік таңба арқылы зат, құбылыстың материалдық жағының жаңғыруы адам санасында ұғым бейнесін сәулелендіреді деп түсінуге болады. Әрбір ұлттың рухани болмысын, дүниетанымын, тарихи жадын танудың бірегей жолы – оның дәстүрлі музыкасына, соның ішінде ұлттық музыкалық аспаптарына үңілу.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізінде «қобыз» этномәдени бірлігі стимул сөз ретінде таңдалды. Бұған бірнеше себеп бар. Біріншіден, аталған сөз өзінің денотаттық мағынасымен қатар, этностың дүниетанымдық жүйесіне тән мәдени мазмұнды да қамтиды. Яғни, «қобыз» ұғымы тек музыкалық аспап атауы ғана емес, сонымен қатар, ұлттың рухани-мәдени болмысын сипаттайтын тілдік бірлік ретінде қарастырылады.

Екіншіден, бұл лексема қазіргі қазақ қоғамында, әсіресе, мәдени және академиялық ортада қолданылып жүрген, мағынасы жастар аудиториясына түсінікті сөздердің қатарына жатады. Сөздің мағынасының респонденттер үшін айқын әрі таныс болуы стимул сөздерді таңдаудағы маңызды критерийлердің бірі болды.

Стимул сөздер зерттеу қатысушыларына белгілі бір реттілікпен ұсынылды. Алдымен кең таралған және тілдік қолданыста жиі кездесетін «домбыра» сөзі берілді, содан кейін ғана «қобыз» ұсынылды. Мұндағы мақсат – домбыраға қарағанда қолданыс жиілігі төмендеу «қобыз» сөзінің этномәдени ассоциацияларын айқынырақ анықтау. Себебі «қобыз» сөзінің мәтіндерде және күнделікті тілдік практикада қолданылу белсенділігі салыстырмалы түрде төмен.

«Қазақ тілінің ұлттық корпусында» (<https://qazcorpus.kz/>) қобыз лексемасы 1872 рет кездеседі, сонымен қатар, «қобыз» атауы 601 құжатта қолданылған (<https://qazcorpus.kz/>).

Еркін ассоциациялық тәжірибе әдісі ұлттық музыкалық аспаптардың қазақ этносына тән көрінісін анықтау мақсатында қолданылды. Еркін ассоциациялық тәжірибе сауалнамаға қатысушылардың ойына келген бірінші ассоциациясын жазуға мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу

Ассоциациялар – санадағы үдерістерді зерттеудің тиімді тәсілі. Ассоциативтік тәжірибе – адамның есте сақтау қабілетін, лексиконын, сөйлеуді туындату мен қабылдауды, әртүрлі тілдік сананың ұлттық-мәдени ерекшелігін зерттеудің де тиімді құралы (Горошко, 2005: 95).

Ассоциациялық эксперимент – психология мен психолингвистикада бұрыннан қолданылып келе жатқан және кең таралған зерттеу әдістерінің бірі. Қазақ лингвистика ғылымында орыс және қазақ тілдерін меңгерген адамдармен алғашқы ассоциациялық эксперименттерді 1960-70 жылдары А.А. Залевская мен М.М. Копыленко жүргізді. Бұл зерттеулер тілдер арасындағы кең ауқымды салыстырулар шеңберіне енгізіліп, ассоциациялық реакциялар арқылы қоршаған әлемді қабылдау мен түсінудің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, тілдік дүниетанымдарды, адамның вербалды жадын модельдеуді, ішкі лексиконның орталығы мен перифериясын, белгілі бір қоғамның ділдік және лингвомәдени ерекшеліктерін, басқа да көптеген аспектілерді анықтауға болатынын дәлелдеді.

Бірінші бұқаралық ассоциация эксперименті 1910 жылы АҚШ-та американдық психологтар Г. Кент пен А. Розаноффың өтініші бойынша білім деңгейі мен мамандығы әртүрлі 1000 ақпарат берушімен жиі қолданылатын 100 ынталандырушы сөзді қолдану арқылы жүргізілді. Кейінірек Кент-Розанофф тізімі көптеген ассоциациялық эксперименттерге негіз болды, олардың ең әйгілісі – 1952 жылы Миннесота университетінде У. Рассел мен Дж. Дженкинс жүргізген эксперимент («Миннесота нормалары»). Бұл ынталандырушы сөздердің тізімі әлемнің әртүрлі тілдеріне аударылды, еуропалық және еуропалық емес тілдердің ассоциациялық нормаларының көптеген сөздіктерінің негізіне айналды (Н.В. Дмитриук, 2014: 4-5).

Қазақ тіл ғылымында ғалым Қ. Алдашева өз мақаласында «ассоциативтік эксперименттің пәнаралық зерттеулерді жүзеге асырудағы рөлін қарастырады. Сонымен қатар қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың тіл иелерінің ділдік лексиконындағы шоғырлануын сипаттау мақсатында жүзеге асырылған ассоциативтік эксперименттің нәтижелерін талдаған. «Тіл мен сананың байланысын қарастыратын қазіргі зерттеулерде «ділдік лексикон орталық аймағы бар, әртүрлі бағытқа таралған байланыстарды қамтитын

периферияларға ыдырай бағытталған желі түріндегі кеңістік» деген анықтамалар бар. Қазақ тілді қоғам мүшелерінің ділдік лексиконындағы жаңалықтардың ассоциативтік-вербалды желісін анықтау қазіргі сөздік қорда пайда болған атаулардың тіл жүйесіне ену әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді» (Алдашева, Набидуллин, 2022) деп тұжырымдайды.

Когнитивті лингвистика қабылдау, ұғыну кезінде болатын ділдік процесті, яғни, санасезім арқылы ақиқатты тану, сонымен қатар, олардың ділдік өкіл түрлері мен формаларын зерттейді. Ал концепт жайында Е.С. Кубрякова былай дейді: «Концепт – жадының оперативті бірлігі, діл сөздігі, тұжырымдамалық жүйе мен ми тілі, толық әлемдік бейне, білім кванты. Ең маңызды концептілер тілде көрініс табады» (Кубрякова т.б., 1996). В.И. Карасиктің ойы бойынша: «Адам жадысында сақталатын маңызды зердесіне жеткен типтелген тәжірибе көріністері есептелетін ділдік жасалым»; «Құрамында бейнеестілім түсінік және құндылықты жақтарын бөліп көрсететін көпөлшемді ділдік жасалым»; «Адамның өмір тәжірибесінің үзіндісі»; «Басынан өткізетін ақпарат» (Карасик, 2004). «Басынан өткізген білім кванты» (Кубрякова т.б., 1996). С.Аскольдов: «Концепт ойлау әрекеті кезінде біртекті заттардың көпшілігін алмастыратын ой жасалымы» деген анықтама берген (Аскольдов, 1997).

Аталған көзқарастарды саралай келе, этномәдени сананың тілдік репрезентацияларын зерттеу қажеттілігі қазіргі кезеңде өзектілігін арттыра түскені байқалады. Бұл бағыттағы ізденістерде психолінгвистикалық зерттеулердің құрамдас бөлігі болып табылатын ассоциативтік эксперимент әдісі тілдік тұлғаның этномәдени құзыретін сипаттауға тиімді құрал бола алады. Себебі тілдік сана көріністерін талдау арқылы ұжымдық сананың мазмұны мен құрылымы, сондай-ақ белгілі бір этносқа тән идиоэтникалық ассоциациялық модельдер жүйеленіп, сипатталады.

Тіл – ұлттың мәдени кодын, дүниетанымын, рухани болмысын сақтайтын ең басты құрал. Ал тілдік сана – сол тіл иесінің әлемді тану, қабылдау, бағалау ерекшеліктерін айқындайтын когнитивтік категория. Тілдік сана – адам баласының дүниетанымдық тәжірибесін, мәдени кодын, әлеуметтік жадын сақтайтын психолінгвистикалық құрылым. Бұл термин қазіргі тіл білімінде, әсіресе, психолінгвистика мен когнитивтік ғылымдар аясында кеңінен қолданылып жүр. И.Овчинникова оны: «Түрлі желілік байланыстар арқылы ұйымдасқан когнитивтік құрылым» деп сипаттайды, «ол адамның жасына қарай өзгеріп отырады» (Овчинникова, 2010: 93). Демек, тілдік сана ұлттың рухани-мәдени мұрасын, соның ішінде музыкаға қатысты концептілерді де сақтайды. Қазақ тіл білімінде тілдік сана жайлы мәліметтер аса көп болмағанымен, осы бағыттағы зерттеулерге жақсы ден қойылып келеді. Оның бастауы, әрине, А. Байтұрсынұлы еңбектерінен көрінеді.

А. Байтұрсынұлы тілдік сана жайында: «Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана үйлесімді мәнді сөз қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажет.

...Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады», – деген болатын (Байтұрсынов, 2003: 10-17). А. Байтұрсынұлының келтірген тұжырымдары әр адамның тілдік санасына байланысты тілді қолдану ерекшеліктері де түрліше болады деген теорияға саяды. Бұдан бөлек ол адамның тілді қолданудағы ерекшеліктеріне де тоқталады: «... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-шарқынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады. Ол – айырым белгілерін жай айтып түсіндіру қиын, әрқайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғанда ғана сезілетін белгі. Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам, сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі – тіл

яки лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп әдеттенуінен, салттануынан болады» (Байтұрсынов, 2003: 10-17).

Тілдік сана – жеке тұлғаның ғана емес, тұтас этностың ұжымдық ойлау жүйесін көрсететін күрделі құбылыс. Қ. Жұбанов тілдік сана феноменін тіл мен ойдың, мәдениеттің өзара байланысы арқылы түсіндіреді. Ол «тіл – ұлт рухының айнасы» деп көрсетіп, тілдік сананың этностың тарихи жадымен сабақтастығын атап өтеді (Жұбанов, 1999: 54). Е.Жанпейісов қазақтың этнолингвистикалық дүниетанымын зерттей отырып, тілдік санада мифтік бейнелер, табиғат құбылыстары, салт-дәстүр ұғымдары терең сақталатынын айтады (Жанпейісов, 2007: 112). А.Сарыбаевтың пікірінше, тілдік сана ұлттық ойындар, әдет-ғұрып, тұрмыс мәдениеті арқылы көрініс табады (Сарыбаев, 1983: 29).

Тілдік сана – этнос болмысының айнасы, ал қобыз – сол айнадағы ең жарқын символдардың бірі. Қобыз қазақтың мифологиялық дүниетанымынан бастап, фольклорлық мұрасына, музыкасына дейін терең сіңіп, ұлттық тілдік сананың ажырамас бөлігіне айналған. Қобыз ұғымы арқылы қазақ халқының рухани болмысы, дүниені қабылдау ерекшелігі айқын көрінеді. Сондықтан тілдік сана мен қобызды қатар қарастыру – этнолингвистикалық және мәдениеттанулық зерттеулер үшін маңызды бағыт. Қазақ халқының рухани мәдениетінде тілдік санамен біте қайнасып жатқан киелі символдардың бірі – қобыз. Қобыз – тек музыкалық аспап емес, ол мифологиялық, дүниетанымдық, діни-нанымдық қабаттарда сақталған ұлттық кодтың көрінісі. Қобыз қазақ мәдениетінде тек музыкалық аспап емес, мистикалық күшке ие киелі зат ретінде қабылданған.

С.Қасқабасов қобыздың мифтік сипатына тоқталып, оны бақсылық дәстүрмен байланыстырады. Оның пікірінше, қобыз үні адамның ішкі рухани әлемін тазартып, табиғатпен байланысын нығайтқан (Қасқабасов, 2002: 184). Б.Ысқақов қобызды қазақ музыка мәдениетінің өзегі деп бағалап, оның дыбыстық ерекшеліктерін «халықтың жан дауысы» ретінде сипаттайды (Ысқақов, 1995: 76). Қобыздың сакралды мәні тілдік санадан тыс қарастырылмайды. Қазақ тіліндегі «қобыз сарыны», «қобыз үні», «қобыз дауысы» деген тіркестер халық санасындағы қобыздың киелілігін көрсетеді. Р.Исмайылов қобызды ұлттық мәдениет пен тілдік сананың түйіскен тұсы ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, қобыз бейнесі арқылы халықтың табиғатпен, рухпен байланысы тілде де, музыкада да көрініс тапқан (Исмайылов, 2015: 141).

Сондықтан тілдік сана этнос болмысының айнасы болса, қобыз – сол айнадағы ең жарқын символдардың бірі. Қобыз қазақтың мифологиялық дүниетанымынан бастап, фольклорлық мұрасына, музыкасына дейін терең сіңіп, ұлттық тілдік сананың ажырамас бөлігіне айналған. Қобыз ұғымы арқылы қазақ халқының рухани болмысы, дүниені қабылдау ерекшелігі айқын көрінеді. Сондықтан тілдік сана мен қобызды қатар қарастыру – этнолингвистика және мәдениеттану зерттеулері үшін маңызды бағыт.

Нәтижелер және талқылау

Ассоциациялық талдаудың ассоциативтік құрылымы негізгі екі нысаннан тұрады. Ең кіші ассоциативтік құрылым жұп сөзден тұрады: $S \rightarrow R$. (стимул және реакция). Олардың арасындағы бағыт ассоциативтік байланысты көрсетеді. Бір стимул сөзге бірнеше сөздер тізбегі – реакциялар алынуы мүмкін. Олардағы алдыңғы реакция кейінгі реакциялар үшін қосымша стимул қызметін атқарады. Бұны «аралық стимул» деп те атайды. Аралық стимулдар ассоциациялардың бағытын көрсетеді. Алынған ассоциативтік желідегі байланыстар аралас болуы мүмкін.

Зерттеу Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын 18-19 жастағы 2-курс студенттерімен жүргізілді. Барлығы 104 респондент қатысты. Сауалнаманың төлқұжаттық бөліміндегі параметрлер төмендегідей: ұлты – қазақ, ана тілі – қазақ тілі, білімі – аяқталмаған жоғары. 104 білім алушы қазақ мектебін бітірген. Экспериментке қатысушылар – еліміздің әр түкпірінен келген білім алушы жастар. Эксперимент барысында респонденттер «қобыз» сөзіне байланысты ойларына келетін бірінші сөздерді – ассоциацияларды жазу керек болды.

Стимул сөз ретінде ұсынылған «қобыз» сөзі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Қылдан жасалған шегі бар ысқышты музыка аспабы. Қобыз да көп жерлерге тараған ысқышты аспап, мойыны имек, шанағы ожау тәрізді қуыс, бет жағы ашық, ал түбі көңмен қапталған болады (Қазақ ССР тарихы)», – деп сипатталады (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2023). «Қазақ тілінің ұлттық

корпусында» (<https://qazcorpus.kz>): «Түркі халықтарының ысқышпен ысып тартатын екі, үш, төрт ішекті көне саз аспабы», – деп беріледі (<https://qazcorpus.kz>).

Қобыз – ғасырлар бойы қазақ халқының рухани мұрасын жеткізуші қасиетті аспап. Бүгінде ол ұлттық оркестрлерде, заманауи музыкалық композициялар мен сахналық өнерде кеңінен қолданылып, дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырып келеді. Сондықтан қобызға қатысты ассоциацияларды жазуда респонденттер тарапынан қиындықтардың туындамайтыны алдын ала болжанған болатын. Нәтижесінде осы лексикалық бірліктің семантикалық құрылымымен байланысты 104 реакция алынды. Олар: *Қорқыт Ата* – 38; *аспап* – 21; *күй* – 9; *қоңыр* – 3; *ұлттық аспап* – 3; *мұң* – 3; *сарын* – 2; *жыр* – 2; *ән* – 1; *домбыра* – 1; *құрал* – 1; *үн* – 1; *қоңыр күй* – 1; *зар* – 1; *әуен* – 1; *дыбыс* – 1; *Мадина Сәдуақасова* – 1; *музыка* – 1; *ойық* – 1; *оркестр* – 1; *әдемі* – 1; *инструмент* – 1; *сөз* – 1; *тарту* – 1; *Дана ҚТӘ (Қазақ тілі және әдебиеті мамандығын студенттер қысқартып, ҚТӘ деп атайды)* – 1; *5 жыл* – 1; *ата* – 1; *рух* – 1; *көкем Елдос емел* – 1; *қайғы* – 1.

Ділдік лексиконды құрайтын тілдік бірліктердің барлығы да – жалпыұлттық тілде жиі қолданылатын және танымдық маңызы жоғары лексемалар. Жүргізілген ассоциативтік тәжірибе нәтижесінде «Қорқыт Ата», «аспап», «күй» тәрізді сөздер ассоциативтік өрістің ядросында орналасқан орталық бірліктер ретінде анықталды. Бұл сөздер ұлттық санада орныққан мәдени-тілдік концептілерімен тығыз байланысты.

Алынған ассоциациялар лексика-грамматикалық белгілеріне сүйене отырып үш негізгі топқа жіктеледі. Бұл жіктеу ассоциативтік жауаптардың құрылымдық ерекшеліктерін талдауға және тілдік санадағы жүйелі байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді:

- 1) бір сөзді дара реакция: «аспап», «күй», «ән», «сарын», «мұң», «жыр» т.б;
- 2) екі сөзді күрделі реакция (сөз тіркесі): «ұлттық аспап», «қоңыр күй», «бес жыл»;
- 3) белгілі адамға және кейіпкерге байланысты реакция: «Қорқыт Ата», «Мадина Сәдуақасова», «Дана ҚТӘ», «көкем Елдос емел».

Бір лексемадан тұратын дара реакциялардың көбі – атау тұлғалы зат есімдер: «аспап», «күй», «ән», «домбыра», «мұң», «сарын», «жыр», «құрал», «үн», «зар», «әуен», «дыбыс», «музыка», «оркестр», «инструмент», «сөз», «ата», «рух», «қайғы» (19 сөз). Сонымен қатар бір сөзден тұратын реакциялар қатарынан сын есімдер мен етістік кездеседі: «қоңыр», «әдемі»; «тарту». *Қобыз* сөзі негізінен жалпы ұғымды білдіретін атаулармен репрезентацияланған. Бұдан шығатын түйін – адамның тілдік санасындағы көріністердің жалпы мағынаға ие бірыңғай заттар мен құбылыстарға қатысты ұғым-түсініктермен сақталатыны. Респондент жауаптарында 2 лексемадан тұратын күрделі ассоциациялар қатарында «ұлттық аспап», «қоңыр күй», «бес жыл» деген сөз тіркестерінен және адам, кейіпкер есіміне байланысты компоненттен тұратын «Қорқыт Ата», «Мадина Сәдуақасова», «Дана ҚТӘ», «көкем Елдос емел» секілді тілдік көріністер кездесті. Соңғы реакцияда да *қобыз* туыс, бауыр ұғымымен, яғни көке сөзімен ассоциацияланған. Тағы бір сипат – туыстықты білдіретін *көке (+м)* сөздерінің иелік қатынасқа негізделіп, ассоциацияның посессивтілік мағынада берілуі. Бұдан қоршаған дүние заттары арасындағы байланыстардың тілдік санада белгілі бір грамматикалық формалармен бейнеленетіні анықталды және өзіне тікелей қатысы бар, жақын адамды меншіктік ұғыммен репрезентациялағаны ерекше назар аудартты.

Диаграммада көрсетілгендей (Диаграмма 1), *қобыз* дефинициясындағы «аспап», «инструмент», «құрал» ұғымдары, сондай-ақ ауыспалы мағынада «мұң», «сарын», «зар» бейнесін білдіретін сөздер – «Қорқыт», «музыка», «жыр» ассоциациялық-вербалды өрісте орын алды. Алынған реакцияларда қобыз деректі ұғымды білдіретін 12 («Қорқыт Ата», «аспап», «домбыра», «құрал», «оркестр», «би» «Мадина Сәдуақасова», «инструмент», «Дана ҚТӘ», «ата», «көкем Елдос емел»), дерексіз ұғымды білдіретін 12 («күй», «ән», «мұң», «сарын», «жыр», «үн», «зар», «әуен», «дыбыс», «музыка», «рух», «қайғы») атаумен берілген және көпшілігі деректі зат атаулары.




Диаграмма 1 – Ассоциативті эксперименттегі ассоциациялардың кездесу жиілігі
 Диаграмма 1 – Частотность встречаемости ассоциаций в ассоциативном эксперименте
 Diagram 1 – Frequency of Occurrence of Associations in the Associative Experiment

Нәтиже бойынша аспапты әр қырынан ашатын ассоциаттарды тақырыптық мағыналық жағынан төмендегіше топтастыруға болады:

- Қобызды тартатын (тартқан) адам, кейіпкер: «Қорқыт Ата», «Мадина Садуақасова», «Дана ҚТӘ», «ата», «көкем Елдос емел» (5);
- Қобыз шығаратын үн: «күй», «ән», «қоңыр күй», «музыка» (4);
- «Қобыз» сөзінің заттық сипаты: «аспап», «ұлттық аспап», «инструмент» (3).
- Қобыз тартқандағы тыңдаушы эмоциясы: «мұң», «зар», «қайғы» (3);
- «Қобыз» сөзінің сындық сипаты: «қоңыр», «әдемі» (2);
- Қобызды пайдалану үшін жасалатын іс-әрекет: «тарту» (1);
- Қобызды меңгеру үшін берілген уақыт кеңістігі: «бес жыл» (1).

Психолінгвистердің пікірінше, ділдік лексикондағы сөздер белгілі бір лексикалық-семантикалық топтар мен тақырыптар, сондай-ақ ассоциативті топтар бойынша үлкен лексикалық желілер ретінде топтастырылған. Сөздер семантикалық белгілері бойынша олардың жиынтығымен тығыз байланысты деген тұжырымдар бар (Harnsberger, 1999). Осы зерттеудегі пікірлерге сүйене отыра, репрезентациялар қазақ жастарының тілдік санасында қобыз атауына қатысты ұлттық таным-түсінікпен байланысты нақты көріністер мен тұрақты бейнелердің қалыптасқанын айғақтайды. Бұл тілдік санада «қобыз бен Қорқыттың» ажырамас бірлікте тұтасқан мәдени-рухани бейне ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Г.И. Біржанова «Қазақ тілі және

қазақ музыка мәдениеті» атты еңбегінде О. Бейсенбекұлының «Сазды аспаптар сыры» еңбегінен алынған үзінді келтіреді: «...*Қобыз* деген атау жөнінде де әр түрлі пікір айтылып келеді. Болат Сарыбаев *қобыз, кобза, қобуз, комуз, комус* деген атаулардың бір сөзден шыққандығын айтады. Ал енді бұл сөзді ғалым Есмағамбет Исмаилов былай талдайды «Қазақтағы *қобыз, лебіз, әуез, аңыз, абыз* деген сөздердің түбірінде жақындық үлкен, бәрі де қобыздан шығатын күйдің сарынын, үнін, әуенін білдіреді. *Қобыз, абыз, лебіз, әуез* деген ұғымдардың украиннің кобзарымен жақындығы да болуы ғажап емес, өйткені кобзардың түбірі татардың комуз дегенінен шыққан...» (Біржанова, 2004). Қобыздың қазақтың тілдік санасында көне дәуірлерден бері тұрақты орныққан рухани-мәдени символ екені аңғарылады. Өйткені реакция сөздердің басым бөлігі «қоңыр, үн, мұң, сарын, күй, рух» семантикасымен тығыз байланыста пайда болған. Бұл тілдік санада қобыздың тек музыкалық аспап емес, сонымен қатар, тылсым күшке ие, ұлттық рух пен тарихи жадыны жеткізуші киелі мұра ретіндегі орны ерекше екенін көрсетеді. Қобызға байланысты ассоциациялар жазудағы ең көп дауысқа ие болған тіркес – Қорқыт Ата. *Қобыз* сөзін естігендегі адамның ойына бірден бұл кейіпкер елестейтіні де кездейсоқ емес. Мысалы, «Түркі дүниесі үшін Қорқыт, қобыз, оғыз, абыз деген сөздер ықылым заманнан бері мәндес, біртұтас құбылыс. Қобыз – күллі ыспалы аспаптардың атасы болса, Қорқыт сол қасиетті қара қобыз иесі. *Қобыз* көне болғандықтан оның атауын түрік халықтары негізінен ортақ сипатта атаған. Башқұрт – *қыл-кубыз*, тыва – *хыл хомус*, татар – *кобуз, кубыз*, өзбек, қарақалпақ – *кобуз*, түрікмен – *оклы гонуз*, балкар – *кыл-кобуз, кобуз*, чуваш – *хама-копас*, моңғолда – *хуур*», – деп, Дархан Қыдырәлі «Мәңгілік өмір жоқшысы» еңбегінде түсіндіріп кетеді (<https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1562910&simple=true>).

Ассоциациялық тәжірибеде алынған деректерге сүйенсек, респонденттер қобыз концептісіне қатысты жауап берген кезде ең жиі кездескен лексема – «Қорқыт ата» болды (38 рет). Қорқыт ата мен қобыз байланысы – қазақ халқының рухани-мәдени тарихындағы терең әрі киелі ұғымдардың бірі. Аңыздар мен деректерге сүйенсек, Қорқыт ата – қобыздың алғашқы жасаушысы және оны музыкалық аспаптан да жоғары, емдік, тылсым күшке ие рухани құрал ретінде қолданған тұлға. Ол қобыз арқылы өзінің өмір, өлім, тағдыр жайлы толғаныстарын жеткізген. Қобыздың күніренген үні Қорқыттың жан сырын, мәңгілік өмірге ұмтылысын, табиғат пен адам арасындағы үндестікті бейнелейді. Бүгінде қобыз сөзі аталса, ең алдымен Қорқыт ата есімімен қатар аталып, ол қазақ мәдениетінің символына айналғанын осы берілген жауаптар да дәлелдей алады.

Алынған ассоциациялық деректер негізінде «*аспап*» және «*Қорқыт*» сөздері – қазақ халқының мәдени жадында ең белсенді орын алатын репрезенттер ретінде анықталды. Бұл нәтиже қазақ тіліндегі музыкалық-когнитивтік өрісті анықтауда маңызды дереккөз бола алады. Қазақ халқының мәдени кеңістігінде *қобыз* – тек музыкалық аспап ғана емес, ұлттық дүниетаным символына айналған киелі ұғымдардың бірі. Ассоциациялар арқылы көрініс тапқан лексемалар респонденттердің қазақ мәдениетіне деген танымдық ұстанымын, ұлттық сана деңгейінде танылатын ұғымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Тілдік ассоциациялар негізінде алынған бұл деректер ұлттық сана құрылымында *қобыз* концептісінің орны мен қызметін сипаттайды.

Респонденттер тарапынан Қорқыт есімінің, күй өнерінің, дыбыс пен тербеліс арқылы эмоциялық мәннің басым келуі қобыздың тек дыбыс көзі емес, рухани және мәдени код ретіндегі қызметін де тануға ұмтылғанын байқатады. *Қобыз* ұғымы тек қазақ музыкасының төл нышаны ретінде емес, тарихи жадымен сабақтасқан, эмоционалды-эстетикалық, дүниетанымдық категория ретінде орныққан. Бұл ұлттық мәдениеттің символдық мәнге ие элементтерінің санааралық қабылдану ерекшелігін көрсетеді.

Жүргізілген ассоциациялық тәжірибе нәтижесінде *қобыз* концептісіне қатысты респонденттердің когнитивтік репрезентациялары айқындалды. Зерттеу барысында алынған *қобыз* лексикалық бірлік негізінде қобыздың ұлттық мәдениеттегі символдық мәні, семантикалық кеңістігі мен санада орнығу деңгейі сараланды. Жиілік бойынша көшбасшы лексема – «Қорқыт ата» сөзі қобызды алдымен музыкалық құрал ретінде тану тенденциясын байқатты. Сонымен қатар, «Қорқыт» тұлғасының жиі аталуы оның тарихи жадыдағы орнының маңызын дәлелдейді. Ассоциациялар мазмұнына жүргізілген лексика-грамматикалық және мағыналық талдау қобыз ұғымының тек музыкалық аспап ретінде емес, ұлттық дүниетаным, эмоциялық-көркемдік, мәдени-рухани код ретінде қалыптасқанын көрсетті.

Қобыздың когнитивтік сипатын зерттеу қазақ этносының рухани-мәдени болмысы мен дүниетанымын түсінудің маңызды құралы бола алады. Ассоциациялық тәжірибе нәтижесінде алынған бұл тілдік көріністер – сана мазмұнын сыртқа шығаратын негізгі құралдар. Тілдік көріністер – сананың қоршаған дүние заттарын, құбылыстарды т.б. танып-білуінің, түйсінудің жемісі.

Қорытынды

Ұлттық музыкалық аспаптардың этномәдени мәнін зерттеу – әрбір ұлттың мәдени кодын сақтау, тарихи жадын жаңғырту және ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Бұл ізденістер ата-бабаларымыздың жинақтаған рухани-мәдени тәжірибесін қазіргі қоғамдық санада өзектендіру қажеттілігін көрсетеді. Мұндай бағыт – адамның тарихи-мәдени кеңістіктегі өзіндік орнын ұғынуына, дәстүр мен өткеннің тәжірибесіне сүйене отырып, ұлттық дүниетаныммен байланыс орнатуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда тілдік сана, әлемнің тілдік бейнесі, ұлт репрезентациясы сынды мәселелер антропоөзектік парадигма аясында тереңірек қарастырылуда. Осы зерттеу де осы бағыттағы ғылыми ізденістердің қатарын толықтыра отырып, қазақ дүниетанымында киелі мәнге ие «қобыз» сөзі арқылы қазақ жастарының тілдік санасындағы этномәдени ұғымдарды анықтауға бағытталды.

Ассоциативтік тәжірибе барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, «қобыз» сөзі респонденттердің тілдік санасында «Қорқыт ата» және «аспап» ұғымдарымен тығыз байланыста екені анықталды. Бұл бірліктер ассоциативтік өрістің орталығын құрап, ділдік лексиконның ядролық элементтері ретінде көрінді. Жалпы, эксперимент кезінде 104 ассоциативтік реакция тіркелді. Алынған жауаптар тілдік тұлғалардың өз санасында қалыптасқан бейнелер жүйесінің көрінісі ретінде бағаланып, олардың шынайылығы мен мәдени негізі жазбаша сауалнамалар арқылы нақтыланды.

Респонденттер ұсынған ассоциацияларды құрылымдық жағынан үш топқа жіктеуге болады: бір сөзден тұратын дара реакциялар; екі не одан да көп сөзден тұратын күрделі реакциялар; нақты тұлғалар мен кейіпкерлерге бағытталған реакциялар. Аталған топтардың ішінде бір сөзді реакциялар жиілігімен ерекшеленді. Эксперимент қорытындысы бойынша респонденттер реакцияларында көбінесе заттық ұғымдарды, яғни деректі, жалпы есімдерді қолданған. Бұл стимул сөздердің жекеше түрде, атау тұлғада ұсынылуымен байланысты. Лексикалық тұрғыдан алынған ассоциациялар «қоңыр», «әдемі», «ескі» секілді сын-сапалық сипаттағы реакциялармен толықтырылды, ал іс-әрекетке қатысты «тарту», «тербелу», «жеткізу» сияқты жауаптар берілді. Жалқы есімдер саны өте аз (барлығы 5), бұл қобыз ұғымының көбіне мәдени кеңістіктегі символдық мәнде қабылданатынын көрсетеді.

Мұның өзі тілдік санадағы ұғымдардың сөздіктердегі дефинициялармен сәйкес келетінін және қазақ жастарының ділдік құрылымында ұлттық мәдениетке тән бейнелік қабылдаудың бар екенін дәлелдейді. Қобызға қатысты қалыптасқан реакциялар ұлттық мәдени мұраның тілдік санада сақталғанын, сол арқылы әлемнің тілдік бейнесінде тұрақты этномәдени концепт ретінде орныққанын айғақтайды. Тілдік сана – адамзат жинақтаған рухани-танымдық тәжірибенің бір көрінісі. Ділдің тілдік көрінісі – қазақ тіл білімінің өзекті зерттеу нысандарының бірі. Жастардың тілдік санасында дәстүрлі мәдени элементтердің сақталуы – ұлттық тілдің өміршеңдігінің, ұлт болмысының сақталуының айғағы. Осы тұрғыдан алғанда, жастардың этномәдени тілдік құзыретін қалыптастыруда ана тіліндегі мазмұндар ұсынылуы тиіс деген қорытындыға келеміз.

Қорыта айтқанда, қазақ жастарының тілдік санасындағы этномәдени концептіні ассоциативтік әдіс арқылы зерттеу ұлттық тілдің дамуы мен ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерімен сабақтас, өзектілігі жоғары бағыттардың бірі болып қала береді.

Әдебиеттер

- Алдашева К.С., Набидуллин А.С. Лексикалық жаңалықтардың менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желісі: эмпирикалық зерттеу нәтижелері // ҚазҰУ. Филология сериясы. – 2022. – №3 (187). – 14-24-бб.
- Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность: Антология. – Москва, 1997. – 220 с.
- Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- Біржанова Г.И. Қазақ тілі және қазақ музыка мәдениеті: Оқу құралы. – Астана: Баспа-полиграфиялық орталығы, 2004. – 176 б.

- Горошко Е.И. Проблемы проведения свободного ассоциативного эксперимента // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2005. – №3 (12). – С. 53-61.
- Дмитрюк Н.В., Молдалиева Д.А., Нарожная В.Д., Молданова Ж.И., Мезенцева Е.С., Сандыбаева Н.А., Абрамова Г.И. Қазақша ассоциациялық сөздік. Казахский ассоциативный словарь. – Алматы-Москва: Медиа-ЛотоС, 2014. – 330 с.
- Жанпейісов Е. Қазақ этнолингвистикасының мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 256 б.
- Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 320 б.
- Жұбанов А. Тәуелсіздік құндылықтарының бірі ретіндегі қазақ тілінің мәтіндер корпусын жасаудың теориялық негіздері // Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік кепілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 45-81-66.
- Исмайылов Р. Қобыз және этномәдениет. – Астана: Фолиант, 2015. – 230 б.
- Карасик В.И. Введение в когнитивную лингвистику. – Москва, 2004. – 156 с.
- Қалиев Б.Қ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Керемет медиа, 2023. – 728 б.
- Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
- Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Лузина Л.Г., Панкрат Ю.Г. Краткий словарь когнитивных терминов. – Москва, 1996. – 197 с.
- Ляшевская О.Н. Репрезентативность и стратификация в корпусной лингвистике // Вопросы языкознания. – 2015. – №4. – С. 40-52.
- Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
- Овчинникова Б. Символика музыкальных инструментов. – Москва: Восточная литература, 2010. – 178 с.
- Плангиан А. Национальные корпуса как инструмент межстилевого анализа // Филологические науки. – 2018. – №6. – С. 19-24.
- Сарыбаев А. Қазақ тіл мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1983. – 145 б.
- Смағұлова Г.Н. Түркілер өркениеті: қазақ этномәдени лексикасы // Altay Communities Language and Literature. – Istanbul, 2017. – P. 185-197.
- Harnsberger, J.D., Svirsky, M.A., Kaiser, A.R., Wright, R., Pisoni, D.B. “Vowel Spaces” of Normal-Hearing and Hearing-Impaired Listeners with Cochlear Implants // Research on Spoken Language Processing. Indiana University Progress Report, 1999. – 417 p.

References

- Aldasheva, K.S., Nabidullin, A.S. (2022) Leksikalyq zhangalyqtardyg mental`dy leksikondagy associativtik-verbaldy zhelisi: jempirikalyq zertteu natizheleri. QazUU. Filologija serijasy. №3(187). B. 14-24. [Aldasheva, K.S., Nabidullin, A.S. (2022) The associative-verbal network of lexical innovations in the mental lexicon: results of an empirical study. KazNU. Philology Series, No.3(187), P. 14-24.] (in Kazakh)
- Askoldov, S.A. (1997) Kontsept i slovo. In: Russkaja slovesnost`: Antologija. Moskva. 220 s. [Askoldov, S.A. (1997) Concept and word. In Russian literature: Anthology. Moscow, 1997. 220 p.] (in Russian)
- Baitursynov, A. (2003) Adebiet tanytqysh. Zertteu men olengder. Almaty: Atamura. 208 b. [Baitursynov, A. (2003) The explicator of literature. Research and poems. Almaty: Atamura, 208 p.] (in Kazakh)
- Birzhanova, G.I. (2004) Qazaq tili zhane qazaq muzyka madeniet: Oqu quraly. Astana: Baspa-poligrafijalyq ortalyq. 176 b. [Birzhanova, G.I. (2004) Kazakh language and Kazakh musical culture: A textbook. Astana: Publishing and Printing Center. 176 p.] (in Kazakh)
- Dmitryuk, N.V., Moldaliyeva, D.A., Narozhnaja, V.D., Moldanova, Zh.I., Mezenceva, E.S., Sandybaeva, N.A., Abramova, G.I. (2014) Qazaqsha assotsiativtik sozdik. Kazahskij assotsiativnyj slovar`. Almaty-Moskva: Media-LotoS. 330 s. [Dmitryuk, N.V., Moldaliyeva, D.A., Narozhnaya, V.D., Moldanova, Zh.I., Mezenceva, E.S., Sandybaeva, N.A., Abramova, G.I. (2014) Kazakh associative dictionary. Almaty-Moscow: Media-LotoS. 330 p.] (in Kazakh and Russian)
- Goroshko, E.I. (2005) Problemy provedeniya svobodnogo associativnogo jeksperimenta. Izvestija Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. №3(12). S. 53-61. [Goroshko, E.I. (2005) Problems of conducting a free associative experiment. Proceedings of Volgograd State Pedagogical University. No.3(12). P. 53-61.] (in Russian)
- Harnsberger, J.D., Svirsky, M.A., Kaiser, A.R., Wright, R., Pisoni, D.B. (1999) “Vowel spaces” of normal-hearing and hearing-impaired listeners with cochlear implants. Research on Spoken Language Processing. Indiana University Progress Report. 417 p. (in English)
- Ismailov, R. (2015) Qobyz zhane jetnomadeniet. Astana: Foliant. 230 b. [Ismailov, R. (2015) Qobyz and ethnoculture. Astana: Foliant. 230 p.] (in Kazakh)
- Karasik, V. I. (2004) Vvedenie v kognitivnuju lingvistiku. Moskva. 156 s. [Karasik, V. I. (2004) Introduction to cognitive linguistics. Moscow. 156 p.] (in Russian)
- Kubryakova, E.S., Dem`jankov V.Z., Luzina L.G., Pankrac Ju.G. (1996) Kratkij slovar` kognitivnyh terminov. Moskva. 197 s. [Kubryakova, E.S., Demyankov, V.Z., Luzina, L.G., Pankrats, Yu.G. (1996) A concise dictionary of cognitive terms. Moscow. 197 p.] (in Russian)
- Liashchevskaja, O.N. (2015) Reprezentativnost` i stratifikacija v korpusnoj lingvistike. Voprosy jazykoznanija. №4. S. 40-52. [Lyashevskaya, O.N. (2015) Representativeness and stratification in corpus linguistics. Voprosy Jazykoznanija. No.4. P. 40-52.] (in Russian)
- Mankeeva, Zh.A. (2008) Qazaq tilindegi jetnomadeni ataulardyg tanymdyq negizderi. Almaty: Zhibek zholy. 356 b. [Mankeyeva, Zh.A. (2008) Cognitive foundations of ethnocultural terms in the Kazakh language. Almaty: Zhibek zholy. 356 b.]

p.] (in Kazakh)

Ovchinnikova, B. (2010) Simvolika muzykal'nyh instrumentov. Moskva: Vostochnaja literatura. 178 s. [Ovchinnikova, B. (2010) Symbolism of musical instruments. Moscow: Vostochnaja literatura. 178 p.] (in Russian)

Plangian, A. (2018) Nacional'nye korpusa kak instrument mezhstilevogo analiza. Filologicheskie nauki. №6. S. 19-24. [Plangian, A. (2018) National corpora as a tool of interstyle analysis. Philological Sciences. No.6. P. 19-24.] (in Russian)

Qaliev, B.Q. (2023). Qazaq tilining tusindirme sozdigi. Almaty: Keremet media. 728 b. [Kaliyev, B.Q. (2023) Explanatory dictionary of the Kazakh language. Almaty: Keremet Media. 728 p.] (in Kazakh)

Qasqabasov, S. (2002) Qazaqtyng halyq prozasy. Almaty: Gylym, 368 b. [Kaskabasov, S. (2002) Kazakh folk prose. Almaty: Gylym. 368 p.] (in Kazakh)

Sarybaev, A. (1983) Qazaq til madenieti. Almaty: Mektep. 145 b. [Sarybayev, A. (1983) Kazakh language culture. Almaty: Mektep. 145 p.] (in Kazakh)

Smagulova, G.N. (2017) Turkiler orkenieti: qazaq jetnomadeni leksikasy. Altay Communities Language and Literature. Istanbul. B. 185-197. [Smagulova, G.N. (2017) Turkic civilization: Kazakh ethnocultural lexicon. Altay Communities Language and Literature. Istanbul. P. 185-197.] (in Kazakh)

Zhanpeisov, E. (2007) Qazaq jetnolingvistikasynyng maseleleri. Almaty: Arys. 256 b. [Zhanpeisov, Ye. (2007) Problems of Kazakh ethnolinguistics. Almaty: Arys. 256 p.] (in Kazakh)

Zhubanov, Q. (1999) Qazaq tili zhonindegi zertteuler. Almaty: Gylym. 320 b. [Zhubanov, K. (1999) Research on the Kazakh language. Almaty: Gylym. 320 p.] (in Kazakh)

Zhubanov, A. (2011) Tauelsizdik qundylyqtarynyng biri retindegi qazaq tilining matinder korpusyn zhasaudyng teorijalyq negizderi. Memlekettik til – tauelsizdik kepili. Almaty: Dajk-Press. B. 45-81. [Zhubanov, A. (2011) Theoretical foundations of creating the Kazakh language text corpus as one of the values of independence. State language – the guarantor of independence. Almaty: Daik-Press. P. 45-81.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Өмірбекова Ж.Қ., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

